



ҚАЗАҚ КЕСКІНДЕМЕСІНДЕГІ БЕКСЕЙІТ ТҮЛКИЕВТІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕРІ

Кенджакулова Айнур¹, Шарипова Диляра²

^{1,2} ҚР ҒЖБМ ҒК М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
(Алматы, Қазақстан)

Аңдатпа. Бексейіт Түлкиевтің шығармашылық мұрасы ұлттық дәстүрлер мен халықаралық көркемдік бағыттардың (сюрреализм мен символизм) синтезі болып табылады. Оның туындыларына кешенді талдау жүргізу арқылы зерттеу XX ғасырдағы қазақ өнеріндегі жаһандану мен ұлттық болмыстың өзара әрекеттесу процесін тереңірек ашуға, сондай-ақ суретшінің өзіндік бейнелеу тілінің қалыптасу жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Мақалада шебердің ұлттық кескіндемеге қосқан үлесі жан-жақты талданып, оның өнеріндегі философиялық ойлар мен әлеуметтік мәселелер тереңімен қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі, XX ғасыр қазақ кескіндемесіне жаңа бағыт берген суретшінің бірегей әдіс-тәсілін тереңірек – өнертанулық және философиялық деңгейде зерделеу қажеттілігімен негізделеді. *Мақсаты* Бексейіт Түлкиев шығармашылығының көркемдік әдісі мен философиялық мазмұнының негізгі сипаттамаларын анықтау және талдау болып табылады. Осы мақсатты іске асыру үшін автор алдымен суретші туындыларындағы негізгі тақырыптар мен сюжеттерді анықтады. Содан кейін ол «Ұлы көш», «Қонақ», «Суретші түсі», «Көкпар» және «Дала тынысы» сияқты шығармаларына семиотикалық талдау жүргізді. Зерттеу *нәтижесінде* суретші шығармаларында ұлттық мәдени ерекшелік пен әмбебап философиялық мәселелердің өзара байланысы ашылып көрсетілді. Мақалада автор кешенді өнертанушылық зерттеуді стилистикалық және семиотикалық талдау әдістері негізінде жүргізді. Бұл әдістер кескіндеменің маңызды ерекшеліктерін, оның символдық тілін және шығармалардың мәдени-тарихи контекстін зерттеу үшін қолданылды. Семиотикалық талдау нәтижесінде суретшінің шығармаларындағы күрделі бейнелеу жүйесі, сондай-ақ ондағы символдардың, белгілердің және мифологиялық-фольклорлық мотивтердің мәдени-тарихи мәні ашылды. Зерттеу барысында Б. Түлкиевтің шығармашылық мұрасының адам болмысы, жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесі және психоэмоционалдық күйлері сияқты тақырыптарға

бағытталғаны анықталды. Суретшінің картиналарында сюрреализм мен символизмді синтездеген ерекше көркемдік әдіс анықталып, сипатталды. Шығармаларды талдау олардың терең философиялық және тарихи-мәдени мазмұнын ашты. Сонымен қатар, ұлттық бейненің жаһандық контексте қалай қалыптасқаны және автордың өмір мен адам табиғатына деген көзқарасы қалай бейнеленгені анықталды.

Түйін сөздер: Бексейіт Тұлкиев, қазақ кескіндемесі, XX ғасыр, өнер, философия, символизм, сюрреализм, ұлттық бейне, жаһандану.

Дәйексөз үшін: Айнур, Кенджакулова және Шарипова Диляра. Қазақ кескіндемесіндегі Бексейіт Тұлкиевтің шығармашылық ізденістері. *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, No 3, 2025, 247-265 б., DOI: 10.47940/cajas.v10i3.1113

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экожүйесінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» атты нысаналы бағдарламасы аясында әзірленді.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады және мүдделер қайшылығы жоқ екендігін мәлімдейді.

Кіріспе

Бексейіт Әбдезұлы Тұлкиев (1955-1998) — Қазақстанның XX ғасырдың екінші жартысындағы кескіндеме өнеріндегі ең көрнекті тұлғалардың бірі. Өмірі қысқа болғанымен, ол өзіндік бірегей көркемдік-философиялық әдіс қалыптастырып, рухани-танымдық құны жоғары мұра қалдырды. Оның шығармашылығы ұлттық бейнелеу өнерінің дамуындағы сапалы жаңа кезеңді белгілеп, қазақтың мәдени дәстүрін заманауи әлемдік өнер ағымдарымен үйлестіре білді.

Зерттеудің өзектілігі тек Б. Тұлкиев шығармашылығының жеткіліксіз зерттелуімен ғана емес, сонымен қатар оны тек «ұлттық романтик» немесе «авангардист» ретінде қарастыратын өнертанушылық пікір шеңберінен шығу қажеттілігімен байланыстырылады. Мақалада Тұлкиев шығармашылығын «ұлттық болмыстың көрнекі философиясы» ретінде талдаудың жаңа тұжырымдамасы ұсынылады. Бұл жаңа тұжырымдама, ең алдымен, осындай ғылыми ізденістің орнын толтыруға бағытталған. Өйткені, Б. Тұлкиев шығармашылығындағы дәстүрлі қазақ

мифологиялық-фольклорлық сана мен батыстық тенденциялық сюрреализм мен символизм ағымдарының синтезі жүйелі түрде зерттелмеген. Оның сюрреализмі көбіне сыртқа қараған стилистикалық ұқсастығымен сипатталады, ал оның философиялық-дүниетанымдық негізі, қазақтың рулық-мифологиялық санасымен (әсіресе «таңба» семиотикасымен) байланысы толық ашылмаған. Суретшінің тарихи тақырыпта жазылған туындылары (мысалы, «Ұлы көш») жан-жақты талдана қоймаған. Зерттеулерде бұл шығарма негізінен тарихи панорама ретінде қарастырылады, ал оның көркем-философиялық коды, тарихи уақыт пен кеңістіктің метафоралық ұйымдастырылуы, яғни тарихтың сюрреалистік-символдық метафорасы ретіндегі қызметі жеткілікті дәрежеде зерттелмеген. Тұлкиевтің көркемдік әдіснамасының дамуына оның спорттық тәжірибесінің әсері мәселесі шектеулі түрде қарастырылған. Бұл факт көбінесе шебер өмірбаянының қызықты деталі ретінде бағаланады, ал оның шығармашылық көзқарасы мен бейнелеу тілінің қалыптасуына тигізген тікелей әсері талдана қоймаған. Осыған орай,

зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы анықталады.

Суретші туындыларындағы бейнелердің семиотикалық құрылымы, сюрреалистік поэтика мен қазақтың мифологиялық санасының өзара әрекеттесуі, сондай-ақ оның өнерінің әлеуметтік-сыни күрделілігі оны XX ғасырдың екінші жартысының қазақ бейнелеу өнері тарихының маңызды зерттеу нысанына айналдырады. Оның шығармашылығы қазақ кескіндемесін жаңа деңгейге көтеріп, ұлттық өнер тарихында тұрақты орын алды.

Б. Түлкиевтің мұрасы бүгінгі күні де шығармашылық ізденістер мен терең философиялық ойға батар әрбір суретші мен өнер сүйер қауым үшін баға жетпес қазына болып табылады. Суретшінің жазу стилі – сюрреализм мен символизмнің тандемі. Осы екі көркем ағымның бірігуінен туған майлы бояуларында ол көркемдік қиял мен түс әлемінің мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланды. Оның шығармашылығы уақыттан тыс болып табылады және қазіргі қоғамның терең мәселелерін қозғайды. Суретші қазақ өнеріне жаңа өлшемдер енгізіп, өнердің тек сыртқы формасын ғана емес, сонымен бірге оның ішкі табиғатының да маңызды екенін көрсетті. Қылқалам шебері туындыларының өмірешендігінің дәлелі – олардың уақыттан озып, әртүрлі ұрпақтар мен мәдениеттер арасында көпір құра алуында.

Мақаланың мақсаты Б. Түлкиевтің шығармашылық ізденістерінің негізгі бағыттарын анықтау және талдау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін суретшінің көркемдік әдісінің ерекшеліктерін талдау, ұлттық мәдени код пен жаһандық өнер ағымдарының (сюрреализм, символизм) синтезінің ерекшелігін зерттеу, мәдени дәстүр мен жаһандану үдерістері байланысында ұлттық бейнелеу өнеріндегі суретшінің орнын анықтау, сондай-ақ Түлкиев шығармашылығының қазақтық

дәстүрлі философиялық-эстетикалық дискурстарды өзектендірудегі рөлін ашу сияқты міндеттер қарастырылады.

Зерттеу әдіснамасының негізі суретшінің бейнелеу тілінің ерекшелігін ашуға мүмкіндік беретін салыстырмалы стилистикалық және семиотикалық талдау қағидаттарына сүйенеді. Сонымен қатар, ұлттық өнердің дамуының кең контекстінде орын алуына ықпал ететін мәдени-тарихи тәсіл қолданылады. Атап айтқанда, салыстырмалы талдау әдісі суретшінің бірегейлігін айқындау үшін маңызды болып табылады. Бұл зерттеуде Түлкиев шығармашылығы сол кезеңдегі өзге де ірі қазақ суретшілерінің (Әбілхан Қастеев, Салихитдин Әйтбаев, т.б.) шығармашылық әдістерімен, сондай-ақ оның символизмі мен сюрреализмі халықаралық ағымдардың (Сальвадор Дали, Рене Магритт) ұстанымдарымен салыстырылады. Бұл салыстыру Түлкиевтің шығармашылық әдісінің ерекшелігін, оның туындыларының тек сыртқы стилистикалық ұқсастықтардан гөрі, терең философиялық-дүниетанымдық негізге ие екенін айқын көрсетуге мүмкіндік береді.

Осы зерттеудің ғылыми жаңалығы Бексейіт Түлкиевтің шығармашылығындағы мифологиялық-фольклорлық мотивтердің семиотикалық құрылымын алғаш рет жан-жақты талдауға және олардың суретшінің экзистенциалдық көзқарасымен байланысын ашуға негізделген. Сонымен қатар, салыстырмалы талдау әдісін қолдану арқылы Түлкиев шығармашылығының қазақстандық және әлемдік өнер контекстіндегі бірегей орнын анықтауда жатыр.

Әдістер

Мақала XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ кескіндеме өнері аясында Бексейіт Түлкиевтің көркемдік феноменін кешенді талдауға бағытталған. Осы мақсатқа жету үшін

суретшінің картиналарын эстетикалық, философиялық және әлеуметтік-мәдени дискурстарды қамтитын көпқырлы құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелі тәсіл қолданылды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін тарихи-мәдени тәсіл мен семиотикалық талдау құрайды. Б. Түлкиевтің шығармашылығын XX ғасырдың 70-80 жылдарындағы қазақ бейнелеу өнерінің дамуы контекстінде зерттеу оның ұлттық дәстүрлерді заманауи көркемдік ағымдармен (сюрреализм, символизм) синтездеген жаңашыл рөлін анықтау үшін өте маңызды болды. Зерттеуде Түлкиев шығармашылығының өзіндік ерекшелігін айқындау үшін салыстырмалы талдау әдісі қолданылды. Атап айтқанда, Әбілхан Қастеевтің тарихи-этнографиялық реализмінен айырмашылығы, Түлкиев тарихи деректілікті ұлттық тарихтың метафизикалық теңеуіне айналдырады.

«Сюрреализм, таза психикалық дағдылы әрекет. Ауызша немесе жазбаша немесе кез-келген басқа жолмен, ойдың нақты жұмыс істеуіне бағытталған» (Бретон 16). Алайда, Сальвадор Далидің сюрреализмі жеке тұлғаның фрейдистік талдауына негізделсе, Түлкиевтің сюрреализмі, керісінше, ұлттық мифологиялық-фольклорлық сананың және ұжымдық тарихи жадының архетиптерін зерттеуге бағытталған. Рене Магриттің символизмі көбінесе сюрреалисттік философиялық және поэтикалық тұжырымдарға сүйенсе, Түлкиевтің символдары ұлттық мәдениеттің тарихи тереңдігінен шығады. Осылайша, Түлкиевтің шығармашылық әдісі тек сыртқы стилистикалық ұқсастықтардан гөрі, терең философиялық-дүниетанымдық негізге ие. Осылайша, оның сюрреализмі жеке емес, ұжымдық, тарихи-мәдени феномен ретінде қарастырылады.

Семиотикалық талдау негізінде суретшінің шығармашылығына тән белгілер мен символдардың күрделі мән-

мағынасын ашу, олардың мәдени, тарихи және жеке тұрғыдағы контекстте қалай қалыптасқанын және өзгергенін түсіну, сонымен қатар бейненің ішкі құрылымы мен оның таңбалар жүйесі ретінде қалай әрекет ететінін анықтау мүмкін болды. Бұл әдіс «Ұлы көш» туындысын зерттеуде бейнелер мен композициялық шешімдердің терең идеялық-көркемдік мазмұнын ашып, көрікті өнер туындысын жан-жақты талдауға қол жеткізді.

Зерттеудің маңызды бөлігі Б. Түлкиев шығармашылығының негізгі аспектілерін ашу үшін шебердің кейбір картиналарын талдауға арналды. Суретшінің көркем тілін егжей-тегжейлі зерттеу үшін туындылардың композициясы, түстік шешімдері, орындау техникасы және бейнелеу құралдары бірлікте талданды. Өйткені, олардың барлығы автордың өзіндік стилін, идеяларын және эмоцияларын түсінудің ажырамас бөлігі болып табылады. «Көкпардағы» қозғалыс, «Дала тынысындағы» үнсіздік, «Әже» портретіндегі нәзік сезімталдық — міне, осылар өмір мен қоғамға деген суретшінің терең философиялық көзқарасын бейнелейтін визуалды тілдің лексикасы мен грамматикасын құрайды. «Ұлы көш» картинасындағы алтын, көк, қызыл түстер палитрасы халықтың тарихи тағдыры мен рухани байлығын, сондай-ақ көш барысындағы күрделі эмоцияларды тереңдей символдап, туындыға монументалдылық пен философиялық тереңдік береді.

Осылайша, аталған әдістердің үйлесімі Бексейіт Түлкиевтің қазақстандық және әлемдік өнерге қосқан бірегей үлесін ашу үшін қажетті жан-жақты және объективті ғылыми талдауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Талқылау

Бексейіт Түлкиев шығармашылығы қазақ кескіндемесі тарихында маңызды орын алатынымен, оның өнерін жан-жақты зерттеу әлі де жеткілікті

деңгейде жүргізілген жоқ. Бұл зерттеу Түлкиев феноменын тарихи-мәдени контексте талдауға, сондай-ақ оның шығармашылық әдісінің философиялық негіздемесін ашуға бағытталған.

Бұрынғы зерттеулерде (Садыбек Бейсенбаев, Айгерім Еспенова т.б.) Түлкиев шығармашылығы негізінен символдық-бейнелі шешімдердің философиялық маңызын анықтау аясында қарастырылды. Мысалы, Садыбек Бейсенбаевтың мақаласы Түлкиев сынды суретшілердің өз шығармаларында «таңба» символдарын пайдалану мәселесіне арналған болса, Айгерім Еспенова суретшінің туындыларындағы ұрпақтар сабақтастығы тақырыбын зерттеген. Алайда, осы зерттеулерде Түлкиев өнеріндегі сюрреализм мен символизмнің философиялық негіздемесі, сондай-ақ оның тарихи тақырыптарды заманауи түрде түсіндіру ерекшелігі жеткілікті ашылмаған. Сонымен қатар, оның шығармашылығы басқа қазақ суретшілерінің шығармашылық әдістерімен жан-жақты салыстырылмаған.

Бұл еңбек Түлкиев шығармашылығындағы дәстүрлі және заманауи элементтердің синтезіне ерекше назар аудара отырып, оның өнеріндегі философиялық-рухани ізденістерді тереңірек талдауға ұмтылады. Атап айтқанда, «Ұлы көш» сияқты ірі туындыларды талдау арқылы суретшінің тарихи тақырыптарды заманауи түрде түсіндіру ерекшелігі ашылады. Бұл тұрғыдан алғанда, біздің зерттеуіміз Түлкиев шығармашылығын тек стилистикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге философиялық-мәдени контексте де қарастыруға мүмкіндік береді. Картинадағы «Алтын адамның» киіміндегі әшекейлер мен тамғалар тек тарихи-археологиялық деректерді бейнелеп қана қоймайды. Мысалы, айналмалы спираль тәрізді ою-өрнектер уақыттың қайталымы мен ұрпақтар сабақтастығының символына айналады.

Сондай-ақ, бұл зерттеуде Түлкиевтің спорт тақырыбына арналған шығармалары («Көкпар») мен философиялық пейзаждары («Дала тынысы») жан-жақты талдануда. Бұл тақырыптар басқа ғылыми еңбектерде шектеулі түрде қарастырылған болатын. Осы еңбекте бұл шығармалар тек тақырыптық тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге олардың композициялық және түстерлік шешімдері арқылы беретін философиялық хабарлары тұрғысынан да талданады.

Мақала Түлкиевтің сюрреализмі мен символизмін батыстық ағымдардың жалғасы немесе қарапайым көшірмесі ретінде емес, саналы философиялық-дүниетанымдық әдіс ретінде қарастыруды ұсынады. Символдар негізінен этномәдени тұрғыдан түсіндірілетін еңбектерден айырмашылығы, оның шығармашылығы «философиялық реализмнің» бірегей нысаны болып табылады, мұнда мифологиялық және тарихи мұра («Ұлы көш» сияқты) болмыс, жалғыздық, уақыт және жады туралы жалпыадамзаттық тұрмыстық сұрақтарды қойып, оған жауап алу үшін негіз болады («Қонақ», «Құдық»).

Біздің ізденістерміздің жаңа қыры суретшінің картиналарының әлеуметтік-сыни өлшемін жан-жақты талдауда жатыр. Егер Лариса Мартынова, Татьяна Бурдель эстетикаға назар аудара отырып, өткір әлеуметтік мәселелерді қозғамауға тырысса, біздің мақалада «Қонақ» сияқты шығармалар тек жанрлық эскиздер емес, геронтология, эйджизм және ұрпақаралық байланыстардың үзілу мәселелерін көтеретін терең әлеуметтанулық зерттеу екенін көрсетеді. Бұл Түлкиев туралы суретші-философ ретінде ғана емес, шығармашылығы бүгінгі күнге дейін өзектілігін сақтайтын жанашыр әлеуметтік сыншы ретінде де айтуға мүмкіндік береді.

Түлкиевтің спорттық тәжірибесін оның көркемдік тәжірибесіне біріктіру де маңызды пікірталас мәселе болып

табылады. Бұл фактіні мақалаларда («Қос өнердің жұлдызы», «Бексейіт Түлкиевті еске алу») қызығушылық немесе жай ғана шебер өмірбаянының бір кезеңі ретінде емес, сонымен қатар оның шығармашылық әдіснамасы мен дүниетанымының қалыптасуына әсер еткен маңызды фактор ретінде қарастыру қажет. Суретші жекпе-жекте адамның дене бітімінің пластикасы мен динамикасын терең түсіну арқылы «Көкпар» сияқты туындыда керемет экспрессия мен анатомиялық дәлдікке қол жеткізе алды. Бұл қарапайым кездейсоқтық емес, бұрын толық зерттелмеген жеке тәжірибе мен көркем шығармашылықты синтездеудің мысалы.

Осылайша, жүргізілген талдау Бексейіт Түлкиев туралы өнертануда қалыптасқан идеяларды кеңейтуге мүмкіндік береді. Біз оны новатор және ұлттық суретші ретінде ғана емес, сонымен қатар шығармашылығы тарихи рефлексияны, әлеуметтік сыншылдықты және терең философиялық антропологияны синтездейтін әмбебап ойшыл ретінде қарастырамыз. Бұл тұрғыдан алғанда, біздің зерттеуіміз Түлкиев өнерін зерттеудегі жаңа кезеңді білдіреді және болашақта осы бағыттағы зерттеулерге негіз бола алады.

Нәтижелер

Бексейіт Түлкиев — қазақ кескіндеме өнеріндегі бірегей феномен ретінде зерттеуге тұрарлық тұлға. Оның шығармашылығы тек эстетикалық құндылықтармен ғана емес, сонымен бірге терең философиялық ой-пікірлермен және күрделі әлеуметтік тақырыптармен де байланысты. Түлкиев өнерінде ұлттық дәстүрлер мен заманауи ағымдардың үйлесімін тапқан, нәтижесінде жаңа бейнелеу тілі мен шығармашылық еркіндікке жол ашқан.

Ол өз заманының шекарасын аса білген, уақыттан озып кеткен тұлға ретінде танылады. Суретшінің

шығармашылығы философиялық тұрғыдан терең рухани ізденістерді, болмыс туралы ойларды, сондай-ақ адамның ішкі сезімдер әлемін бейнелейді. Оның туындылары адамның өмір сүру мәнін, ұлттың тарихи-мәдени дәстүрлерін тану арқылы адамзаттың өзіне деген жаңа көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Түлкиев адамдарды өз шығармалары арқылы тек көркемдік танымға ғана емес, сонымен бірге рухани құндылықтарды бағалауға шақырады. Ол өз дәуірінің шектеулі шеңберіне сыймайтын, адамдық болмыс пен әлемнің терең философиялық мәселелерін қозғайтын суретші болды. Оның өнері сыртқы әлем мен ішкі сезімдер арасындағы шекараны жойып, көрерменді шындық туралы ойдың маңызына терең үңілуге итермелейді. Оның картиналары күнделікті өмірден алыс болғанымен, шындықтың көпқырлы аспектілерін ашады. Философиялық тұрғыдан алғанда, Түлкиевтің шығармашылығы адам болмысын түсіну мен ізденістің үздіксіз процесі ретінде қарастырылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін семиотикалық, феноменологиялық және мәдениеттанулық тәсілдердің кешені құрайды. Зерттеу барысында бейнелеу өнері туындыларын мәтін ретінде қарастыра отырып, олардың ішкі семантикалық құрылымдарын (символдар, таңбалар, түстер) ашуға бағытталған семиотикалық талдау қолданылды. Феноменологиялық тәсіл суретшінің шығармашылық әлеміне тұтас енуге, оның субъективтік тәжірибесін, сезімдері мен дүниетанымын түсінуге мүмкіндік берді. Ал мәдениеттанулық тәсіл Түлкиев өнерін ұлттық мәдениет контекстіндегі феномен ретінде, дәстүр мен инновацияның диалектикасының көрінісі ретінде талдауға негіз болды.

Садыбек Бейсенбаев атап көрсеткендей «Әбдірәшіт Сыдыханов, Бексейіт Түлкиев, Ерболат Төлепбай және т.б. сияқты суретшілердің шығармашылығындағы символизм және

семиотикалық кескіндеме кездейсоқ құбылыс емес. Олардың «символдық кескіндемесінің» негізінде бүгінгі күнге дейін аз зерттелген қазақтың рулық белгісі — «таңба» жатыр. Бүгінгі күні шамамен 97 қайталанбайтын белгі бар. Қазіргі уақытта олардың семантикалық мәнін анықтау барысында сыртқы сипаттамалары бірінші кезекте қарастырылады» (26). Мысалы, «Ұлы көш» шығармасында суретші қазақтың рулық-мифологиялық санасын ондағы көптеген тарихи тұлғалар мен олардың ерекшелік белгілері арқылы емес, сонымен қатар архаикалық таңбаларды пайдалану арқылы жеткізеді. Ат үстіндегі «Алтын адамның» киіміндегі әшекейлер мен тамғалар нақты тарихи-археологиялық деректерге сүйеніп бейнеленсе де, суретте олар жай ғана ою-өрнек емес, рулық белгілердің семиотикалық коды ретінде пайдаланылады. Олар бақыт, рухтың күші, ұрпақтар сабақтастығы сияқты архетиптік ұғымдарды білдіреді. Осылайша, Түлкиев таңбаны тарихи элемент ретінде емес, мифологиялық ойдың көрнекі тілі ретінде қайта жаңғыртады, оған жаңа мән-мағына береді.

Суретші символизм мен сюрреализм элементтерін өзіндік бірегей әдіс ретінде қолданып, болмыстың терең қабаттарына үңіледі. Ол әлемді тек сыртқы көрінісі арқылы ғана емес, сонымен қатар оның астарындағы құпиялы, бейсаналық және көзге көрінбейтін аспектілері арқылы суреттейді. Мысалы, «Суретші түсі» (1983) атты шығармасында Түлкиев түс метафорасын пайдалана отырып, шынайылық пен ішкі сезім әлемі арасындағы шекараны жояды. «Суретші түсіндегі» бейнелер адам бойындағы үміт пен күдікті, болашаққа деген сенімді, мәңгілік махаббатты символикалық бейнеге айналдырады. Мысалы, беті орамалмен жабылған әйел бейнесі күрделі символдық мәнге ие. Бұл образ, бір жағынан, қазақ дәстүріндегі

күрмет пен ұят сезімін білдірсе, екінші жағынан, тұйықтықты, ішкі рухани әлем кеңдігін және сыртқы әлемнен қорғану қажеттілігін бейнелейді. Оның қолындағы шырақ — рухани ізденістің, ішкі жарық пен үміттің символына айналып, қараңғылыққа (белгісіздікке, күдікке) қарсы тұрады. Суретші осы екі негізгі образ арқылы адамның ішкі дүниесіндегі қарама-қайшылықты сезімдерді — тұйықтық пен жайдарылық, күдік пен үміт арасындағы тартысты шебер жеткізеді. Бейнелердің үзінділігі, олардың бір-бірімен байланыссыз, бірақ бір композициялық кеңістікте орналасуы көрерменге тарихтың күрделі белестерін сезінуге мүмкіндік береді. Бұл көркемдік әдіс арқылы ішкі әлемнің күрделілігі мен тереңдігі ашылады. Өйткені, «сюрреализм — бұл таным әдісі. Туындылардың өзі ақпараттық құрылымдарға ұқсас, олардың тікелей мағынасына жету қиын. Ондағы композициялар адам санасын жауап іздеуге итермелейді» (Пашаев 373).

Түлкиев өз туындылары арқылы өнердің түпкі мәні — адамды рухани жаңарту және оның жан дүниесіне жаңа көзқарас ұсыну екендігін көрсетеді. Оның өнері адамзаттың тарихи, мәдени және философиялық мұраларының тоғысқан нүктесінде жаңа көзқарастар мен идеялардың пайда болуына әкеледі. Шынайы өмір мен қиял арасындағы шекараны, өткен мен болашақтың үндестігін бейнелеп, суретші көрерменге кеңістік пен уақыт шекараларынан өтуге мүмкіндік береді. Міне, осы оның туындыларындағы символизм мен сюрреализмнің терең философиялық негізін құрайды.

Түлкиевтің шығармашылығында ұлттық дәстүрлер мен заманауи әлем арасындағы байланыс терең зерттеледі. Оның туындыларында ұлттық мәдениет пен жаһандық өзгерістердің үйлесімділігі айқын көрінеді. Суретші өнерді дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысуынан туған ерекше рухани құндылық ретінде

карастыра отырып, қазіргі заман мәдениетіне жаңа серпін берді. Оның шығармашылық мұрасы осының айқын дәлелі болып табылады.

Дәл осы кезеңде, XX ғасырдың 70-80 жылдарында, оның шығармашылығы отандық бейнелеу өнеріндегі революциялық өзгерістердің белгісіне айналды. Оның туындылары қоғам санасына жаңа идеялармен әсер етуге, түпкілікті мән мен болмысты қайта қарастыруға, сондай-ақ ұлттық және әлемдік мұраларды біртұтас кеңістікте түйсінуге шақырады. Осылайша, Түлкиев уақыттан озып, болашақ ұрпаққа рухани азық беретін тұлға ретінде танылады.

Түлкиевтің спортпен айналысқандығы оның шығармашылық әдісіне әсер еткенімен, оның негізгі мамандығы мен таланты көркемөнер саласында шоғырланған. Ол отандық бейнелеу өнеріне жаңа серпін мен үн қосқан өнер адамы болды.

Суретші түстер палитрасын кеңінен және батыл қолдана білген шебер. Ол әрбір туындысымен көркемдік тұрғыдан терең ойларға жетелейді. Ол түстердің үйлесімін ғана емес, олардың философиялық мәнін де терең зерттеп, адамның көпқырлы табиғатын бейнелеуге ұмтылды. Оның түстерді шебер қолдануына «Қонақ» шығармасы мысал бола алады. Бұл туындыда егде адам өміріндегі әлеуметтік әділетсіздік пен ұрпақтар арасындағы айырмашылықтар нәзік әрі өткір түрде бейнеленген. Түлкиев қарт адамдарға қатысты түсінбеушілік мәселесін көтеріп, ұрпақтар арасындағы көзқарас айырмашылықтарын суреттейді. «Оның туындысындағы күнделікті қарапайым заттар мен олардың бөліктері шығарманың терең философиялық мәнін ашуға көмектеседі. Мысалы, суретші туындысында қарияны көрерменнің назарынан тыс қалған тірекке сүйеніп отырған кейіпте бейнелейді. Суретшінің алғашқы нобайларында бейнеленген тіректі кейін бояумен

жасырып, ақсақалдың өмірде тірегінен айырылғанын, тіпті өз жерінде қонаққа айналғандығын бізге жеткізеді» (Мартынова 4).

«Қонақ» шығармасындағы қарияның шынтағының астындағы тіректің бүркемеленуі тек әлеуметтік мәселені ғана емес, сонымен бірге шынайылықтың деформациясын, оның сюрреалистік түрленуін де білдіреді. Бұл әдіс арқылы суретші қарттың ішкі әлеміндегі жалғыздық пен тірексіздік сезімін шектен тыс күшейтеді. Қарияға тірек болған композиция элементін жасыру арқылы Түлкиев сыртқы әлемнің ішкі рухани жағдайға қалай бағынатындығын көрсетеді, ал бұл сюрреализмнің негізгі қағидаттарының бірі болып табылады. Туынды көрерменді қоғамдық кемшіліктерді аңғаруға және оларды терең оймен бағалауға шақырады. Картинаның философиялық және әлеуметтік мәнінің күрделілігі оны алғаш көргенде толық түсінуді қиындатады, себебі ол көркемдік құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар тарихи дәуірдің рухын, автордың ішкі әлемі мен қоғамның күрделі қатынастарын білдіреді. «Туған жерінде қонаққа айналған ақсақал халықтың ұмытылған дәстүрлері үшін қайғы жұтуда. Болашақ ұрпақ материалдық және рухани мәдениетті сақтаудың мәнін, ұрпақтар сабақтастығының маңыздылығы мен ұлттың мәдени кодты сақтау қажеттігін түсіне алмайды» (Еспенова 276).

Әбілхан Қастеев атындағы Ұлттық өнер музейінің тұрақты экспозициясына енген «Суретші түсі» (1 сурет) атты шығармада бейнелеу өнерінің суретші психологиясын және оның ішкі ізденістерін ашудағы рөлі айқын байқалады. Суретші адамның жасырын қасиеттерін түс арқылы жеткізуге тырысып, бұл үшін шынайылық пен ішкі сезім әлемінің арасындағы шекараны жоятын сюрреалистік әдістерге жүгінеді. Осы идея еркін композиция мен ашық түстер арқылы көрініс тауып, сана мен

түпсана арасындағы қарама-қайшылықты бейнелейді. Мысалы, шырақ бейнесі бір мезгілде рухани ізденістің, ішкі жарықтың символы болса, екінші жағынан, ол ұлттық мәдениеттегі отқа табынудың, рухтың отының архетипіне сілтеме жасайды.

«Суретші түсіндегі» бейнелер адам бойындағы үміт пен күдікті, болашаққа деген сенімді, мәңгілік махаббатты символикалық бейнеге айналдырады. Картинаны бейнелер галереясы деп қарастыруға болады, әрбір бейне өз міндетін мінсіз атқарады. Суретші үшін қайын атасының алдында бетін ашуға болмайтын дәстүр бойынша қазақ келінінің бейнесі маңызды болған. Бексейіт бетін орамалмен жауып, қолына шырақ ұстаған әйелдің жиынтық бейнесін жасап шыққан. Өзінің қайырымдылығымен және қарапайымдылығымен, жоғары моральдық қасиеттерімен ол оған нақ бір жол ашып тұрғандай.

«Ұлы көш» (2 сурет) шығармасы қазақ халқының тарихи тағдыры мен мәдени мұрасын көркем бейнелеуге бағытталған. Онда көптеген символикалық элементтер мен тарихи тұлғалар өз орнын тапқан. Бұл туынды автордың бейнелеу өнеріндегі шығармашылық шоқтығы ретінде қарастырылады.

Ұлттық болмыс пен көшпенділер мәдениеті бейнеленген күрделі құрылымды картина тарихи оқиғаларды




1 сурет. Бексейіт Түлкиев «Суретші түсі». (1983)

бейнелеу арқылы оның заманауи маңызын ашып көрсетеді. Оның құрамындағы әрбір бөлшек белгілі бір тарихи кезеңді, тұлғаның мәдени рөлін немесе халықтың жан дүниесін көрсететін маңызды элемент болып табылады. Бұл жұмысты тұтастай алғанда, онда қазақ халқының өсу жолы, ұлы көш, дәстүр мен мәдениеттің сақталуы туралы терең философиялық ойлар көрініс тапқан.

Туындыдағы басты символдардың бірі — ат үстіндегі «Алтын адам» бейнесі. Бұл элемент қазақ халқының тарихындағы ең маңызды археологиялық ашылымдардың бірі болып табылады. Алтын адам — көшпенділер өркениетінің, оның жоғары мәдениетінің, батырлығы мен ерлігінің символы. Түлкиев бұл тұлғаны қазақтың көне тарихын, оның байлығын және ұлттың еркін рухын көрсететін басты белгі ретінде пайдаланады. Әрбір алтын әшекей, киім-кешек элементтері көркем туындыда ұлттың жауынгерлік рухын және мәдени байлығын білдіреді.

«Ұлы көш» шығармасында тарихи



Авторы: Түлкиев Б.А., Кокаммулов З.К.

2 сурет. Бексейіт Түлкиев «Ұлы көш» (2000)

шындықты бейнелеумен қатар, оның сюрреалистік сипаты да айқын көрінеді. Суретші тарихи кезеңдер мен тұлғаларды бір мифологиялық-тарихи кеңістікке орналастыра отырып, нақты тарихи фактілерді символдық, метафоралық бейнелерге айналдырып, тарихты жеке тұлғаның санасындағы, жадындағы және рухындағы түпкілікті болмыс ретінде көрсетеді. Бұл әдіс

шығармаға шынайы тарихи деректен гөрі рухани-философиялық жалпылама сипат береді. 89 тарихи тұлғаның бір сюжетте жинақталуы оқиғаның нақты уақытынан тыс, оның мәңгілік философиялық маңыздылығын білдіреді. Ат үстіндегі «Алтын адам» бейнесі арқылы көне тарих пен мифология тоғысады, бұл шынайылықтан гөрі символдық-сюрреалистік бейнелеуге жатады. Сондықтан, бұл туындыны тарихи реализм шегінде ғана емес, сонымен бірге ұлттық тарихымыздың сюрреалистік-символдық метафорасы ретінде қарастыруға болады. Түлкиев осы бейнелер арқылы қазақ халқының ұлттық санасы мен тарихының көпқабаттылығын, сондай-ақ әрбір тарихи кезеңнің ұрпақтар үшін аса маңыздылығын атап көрсетеді. «Қазақ ұлтының түркі дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі үш мың жылдық тарихына көркемдік өң беріп, оны бір картинаның бетіне топтастырып салу арқылы талантты суретші қазақ тарихының үш мың жылдық көркем панорамасын жасады» (Аскарова 304).

Картинадағы әрбір тұлға өзіндік символдық мәнге ие. Мысалы, батырлар ерлік пен ұлттық мақтанышты білдірсе, хандар ұлттың тәуелсіздігі мен билігін бейнелейді. Бұл тұлғалар қазақ халқының қоғамдық-саяси өміріндегі негізгі рухани тірек пен тарихи жадының тірі өзегі болып табылады. «Ұлы Қожа Ахмет Яссауидің бейнесін «Құдайдың құдіреті туралы толғау» атты өзі жазып ұрпағына қалдырған хик-меттерін оқи отыра сомдадым. Сөйтіп ислам дінінің шамшырағы Ахмет Яссауидің жан дүниесін, рухани әлемін халқыма осы образ арқылы жеткізгім келді» (Қос өнердің жұлдызы 2005), — деген екен шебердің өзі.

Шығарманың басты композициялық элементі — көш. Бұл қазақ халқының көшпелі өмірін бейнелейтін ең маңызды символ. Ұлы көш тек физикалық қозғалыс емес, сонымен бірге халықтың

рухани өсуі мен дамуын, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өтетін мәдени мұраны, ұлттың шексіз қозғалысын және өзінің тәуелсіздігін сақтап қалуын білдіреді. Көштің суреттегі көрінісі символдық тұрғыдан халықтың мәңгілік жолын, тұрақты қозғалысын білдіреді. Бұл көштің ішінде адамдар мен тарихи тұлғалар әртүрлі өмір кезеңдерінен өтетіндіктен, ол ұлттық болмыстың үздіксіз дамуын көрсетеді.

Картинадағы түстердің рөлі өте маңызды. Сюрреалистік стильде жұмыс істей отырып, Түлкиев түстердің көмегімен әрбір тарихи тұлғаның эмоционалды күйін және бүкіл шығарманың мағынасын күшейтеді. Алтын түстер тарихи құндылықтарды, асылдықты және ұлттың мәдени мұрасын бейнелеу үшін қолданылған. Қара түстер терең ойлар мен тарихтың қараңғы беттерін білдірсе, көк пен жасыл түстер бейбітшілік пен табиғаттағы үйлесімді, сонымен бірге көшпенділердің табиғатпен тығыз байланысын бейнелейді. Қызыл түстер күш пен ерліктің, батырлық пен жауынгерлік рухтың символы болып табылады.

Түлкиевтің композициялық құрылымы өте қызықты және терең мағынаға ие. Суретші тарихты бір кеңістікке жинақтап, әрбір кезең мен әрбір тұлғаны бір ұлы тарихи сабақтастық және рухани үдеріс ретінде көрсетеді. Осы әдіс арқылы ол ұрпақтар тізбегінің бір-бірімен тығыз байланысты екенін, әр дәуірдің өз үлесін қосқанын және бүгінгі Қазақстанның қазіргі жетістіктерінің тарихи түбірі тереңде жатқанын айқын бейнелейді. Бұл өз кезегінде ұлттың тарихындағы маңызды кезеңдер мен оқиғаларды өзара байланыстырып, халықтың біртұтас, шексіз қозғалысындағы үйлесімділікті көрсетеді. Адамдардың орналасуы, олардың арасындағы қашықтық пен байланыс тарихи үдерістің қалыптасуын және алдыңғы ұрпақтардың кейінгілерге қалдырған мұрасын көрсетуге бағытталған, сондықтан олар

ерекше үйлесім тапқан. Картинаның сюрреализмге жуықтататын аспектісі — бұл уақыт пен кеңістіктің иррационал бұзылысы, әртүрлі тарихи кезеңдердің бір мифологиялық-тарихи кеңістікке жинақталуы. Алайда, бейнелердің өзі шынайылықтан тыс емес, олар тарихи нақтылықты сақтайды.

«Ұлы көш» туындысында суретші тарихи кезеңдер мен тұлғаларды ғана емес, сонымен бірге сол дәуірдің ірі әлеуметтік мәселелерін де көтереді. Негізгі мәселелердің бірі — ұрпақтар сабақтастығы проблемасы. Әртүрлі дәуір тұлғаларын бір уақыт кеңістігінде біріктіру арқылы суретші тарихи байланыстың үзілу қаупін, жаңа ұрпақтың өткенді бағаламау қаупін және одан туындайтын ұлттық сәйкестіктің жоғалу тәуекелін шебер жеткізеді. Бұл ой тағы бір өзекті мәселемен — тарихи жад пен мәдениетті сақтау проблемасымен тығыз байланысты. Шығарма тарихтың тек батырлар мен билеушілер шежіресі емес, сонымен бірге халықтың ұжымдық рухын бейнелейтін өзге тұлғалардың мұрасы екендігін де еске салады. Олардың бейнелері арқылы автор ұлттық тарихи жадыны қалпына келтіру мен сақтау қажеттілігі мәселесін қозғайды. Ақырында, шығарманың сюрреалистік сипаты дәстүр мен заманауиліктің үйлесімділігі туралы мәселені көтереді. Тарихи тұлғаларды заманауи көркемдік форматта (символизм тілінде және уақыт пен кеңістіктің иррационалды ұйымдастырылуы арқылы) бейнелеу арқылы суретші көшпелі мәдениеттің заманауи контекстегі орны туралы ой жүгіртеді, дәстүрдің бүгінгі күнде де тірі, өзекті және рухани маңызды екендігін дәлелдейді. Осылайша, картина ұлы көштің бейнесі ретінде ғана емес, сонымен бірге дәуірлер диалогы, жад және сәйкестік туралы терең философиялық пікір ретінде ашылады.

Суретшінің «Көкпар» (1973) атты келесі туындысы қазақ халқының ұлттық спорттық мұрасын көркем түрде

бейнелеген шығарма болып табылады. Бұл шығармасында суретші тек ұлттық спорттың динамикасын ғана емес, сонымен қатар оның рухани-мәдени кодын бейнелейді. Шабандоздардың қимылдары мен жылқылардың шабыстауы арқылы суретші ұлттық ойынның энергетикалық күшін көрсеткен. Шығарманың композициялық құрылымы көрерменді оқиғаның өзегіне енгізіп, көкпардың қарқынды атмосферасын сезінуге мүмкіндік береді. Бұл жұмыс арқылы суретші ұлттық спорт ойынының қазақ мәдениетіндегі әлеуметтік және рухани мәнін анық бейнелеген.

Суретші «Көкпарда» қозғалыстың динамикасын ерекше шеберлікпен жеткізген: шабандоздар арасындағы бәсекелестікті, олардың күш-қуаты мен қайсарлығын, жылқылардың анатомиялық дәлдігі мен қозғалысындағы шынайылықты көрсеткен. Туынды композициясының орталығындағы жарыс көрінісі көрерменді де қозғайды және адреналинге толы сәттің куәсі еткендей әсер қалдырады. Жігіттің жігіттігін, батылдығы мен ептілігін сынайтын көкпар ойыны бүгінде де сақталған және қазақтың спорттық ойыны ретінде арнайы жарыстар ұйымдастырылады. Суретші әдет-ғұрып пен фольклорға аса мән бере отырып, ұлттық құндылықтарды сақтап қалуға және олардың мәдени маңыздылығын жандандыруға тырысты. Сондықтан олар қазақтың ұлттық ойындарын өткеннің қоғамдық-әлеуметтік тәжірибесі мен халықтың мұрасы ретінде қарастырып, қазақ халқының рухани дүниесін қазіргі заманға жалғастыра отырып бейнелеуге ұмтылды.

«Дала тынысы» шығармасы қазақ даласының пейзажын философиялық деңгейде бейнелейді. Ашық аспан күмбезі мен шексіз дала кеңістігі табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік идеясын бейнелеу үшін пайдаланылған. Композицияның құрылымы қарапайым болғанымен, көрерменге терең ой

салатын мазмұнға ие. «Дала тынысында» шексіз дала кеңістігі тек табиғи ландшафт ретінде ғана емес, сонымен қатар рухани кеңістіктің философиялық метафорасы ретінде ұсынылады. Көкжиектің ашықтығы мен түстердің үйлесімі арқылы суретші табиғат пен адамның ішкі әлемі арасындағы диалектикалық байланысты ашады. Мұнда дала — бұл ұлттық сананың архетиптік кеңістігі ретінде түсіндіріледі.

Туынды пейзаждық өнердің көркемдік әлеуетін толықтай ашып көрсетеді. Түлкиев табиғат элементтерінің адамның рухани әлемімен байланысын шебер көрсете білген. Көкжиектің ашықтығы, даланың шексіздігі көрерменге еркіндік пен тыныштық сезімін сыйлайды. Табиғат пен адамның тығыз байланысын бейнелеп қана қоймай, ұлттық бірегейліктің эстетикалық көрінісін ұсынады.

Тағы бір жұмбақ және тылсым әлемді үйлестіре білген шығарма — «Құдық» картинасы. Онда ешқандай тірі жан бейнесі көрінбейді. Композицияның орталығында тек тастармен қаланған шыңыраудың түбіндегі су алынған. Су мөлдір емес, бірақ тыныш күйде. Суретшінің ойын түсіну қиын. Дегенмен, бұл картина арқылы тыныштықтың өзі кейде қорқыныш сезімін тудыратындығын сезінуге болады. Осындай бейнелі шығармалар тек көзге ғана емес, сонымен бірге терең ойға да жетелейтіндіктен, олардың эстетикалық құндылығы артады. «Азаматтар», «Иірім», «Әкемен қоштасу», «Ер бала» картиналары үшін оған Лениндік комсомол сыйлығының лауреаты атағы берілді. Ал, Жапониядағы Дүниежүзілік көрмеде суретші күміс медальмен марапатталды (Бурдель 7).

Бексейіт Түлкиев өз бойына мықтылық пен шеберлікті сыйдыра білген суретші ретінде қазақ бейнелеу өнерінде өзіндік орны бар тұлға. Көрмелердегі оның ерекше сыр жасырынған, терең мағынаға

ие туындылары әлі де көптеген өнертанушылардың зерттеулерінде лайықты ғылыми бағаға ие болатынына сенім толық.

Негізгі тұжырымдар

Бұл зерттеу қазақ кескіндеме өнеріндегі Бексейіт Түлкиевтің шығармашылық мұрасын философиялық-эстетикалық талдауға арналған. Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай тұжырымдарды жасауға болады:

Біріншіден, зерттеу барысында Түлкиев шығармашылығының феномені ретіндегі жаңа ғылыми тұжырымдамасы толықтырылып, тереңдетілді. Мақалада суретшінің шығармашылығы ұлттық дәстүр мен заманауи өнер ағымдарының диалектикалық синтезі ретінде көрсетілді. Зерттеу Садыбек Бейсенбаевтың пікірін негізге ала отырып, Түлкиев өнеріндегі символизм мен сюрреализмнің қазақтың рулық-мифологиялық санасымен, әсіресе «таңба» белгілерінің семиотикалық кодымен тікелей байланысты екендігін, бұл элементтердің жаңа мәндік деңгейге көтерілгендігін анықтады. Бұл бағыттағы оның ізденістері сол кезеңдегі өзге қазақ суретшілерінің (мысалы, Әбілхан Қастеевтің тарихи-этнографиялық реализмінің немесе Әбдірәшіт Сыдыхановтың таңбалық-символдық кескіндемесінің) шығармашылық әдістерінен айтарлықтай ерекшеленеді.

Екіншіден, «Ұлы көш» туындысының көркем-философиялық кодын ашу барысында бұл шығармадағы тарихи тұлғалардың әрқайсысының жеке символдық мағынасы мен олардың жиынтық көрінісі ұлттық тарихи сананың өзгерісінің визуалды үлгісін қалай құрайтыны анықталды. 3. Аскарованың еңбегінде айтылғандай, «қазақ тарихының үш мың жылдық көркем панорамасы» ретінде танылған бұл туындыда көш образының тек көшпелілікті емес, сонымен бірге ұлттық рухани үдерістің метафизикасын

білдіретіндігі талдау арқылы дәлелденді. Тарихи тақырыпты осындай көлемді және көпқабатты философиялық-символдық жүйе ретінде бейнелеу тәсілі қазақ кескіндемесінде Түлкиевке тән новаторлық әдіс болды.

Үшіншіден, Түлкиевтің түс пен шынайылық диалектикасын бейнелеу әдістемесінің жаңашылдығы ашылып, «Суретші түсі» сияқты шығармаларда сана мен бейсананың шекарасын жоятын өзіндік көркемдік тіл қолданылғандығы анықталды. Бұл әдіс арқылы суретші қазақтың дәстүрлі дүние танымындағы түстің метафизикалық рөлін заманауи өнер контекстінде жаңғыртқан.

Төртіншіден, «Көкпар» сынды туындыларында спорт тақырыбының көркем-философиялық сипаттамасы беріліп, ұлттық ойынның тек этнографиялық элемент ретінде емес, сонымен бірге қазақ мәдениетінде рухани-этикалық құндылықтардың тасымалдаушысы ретінде көркемдік тұрғыда теренірақ қарастырылады. Зерттеу қазақ өнертануына Түлкиев шығармашылығының жаңа эпистемологиялық моделін ұсынып, оның өнерін тек эстетикалық феномен ретінде емес, сонымен бірге ұлттық дүние танымының визуальды философиясы ретінде түсінуге негіз қалайды. Бұл тұжырымдамалар болашақта қазақ кескіндеме өнерін философиялық-мәдениеттанулық тұрғыдан зерттеуге әлеуметтік маңызы зор жаңа бағыт береді.

Қорытынды

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері Бексейіт Түлкиевтің шығармашылық мұрасының қазақ кескіндемесінің дамуында алатын орнын жан-жақты анықтауға мүмкіндік береді. Жұмыстың тәжірибелік бөлімінің негізгі нәтижелері ретінде Түлкиев өнеріндегі ұлттық бейнелер жүйесінің (ұлттық болмыс, рухани дүние, табиғат феномены, салт-дәстүрлер) концептуалдық негізде

анықталуы, оның көркемдік-бейнелеу тілінің эволюциясының дәстүрлі және заманауи элементтерді синтездеу арқылы қазақ бейнелеу өнерін жаңа эстетикалық сапаға көтергендігінің дәлелденуі, сонымен қатар суретші туындыларының философиялық-рухани контексте талдануы, олардың қоғамдағы өзекті әлеуметтік-мәдени мәселелерді көтерудегі рөлінің ашылуы атап өтіледі.

Зерттеудің басында қойылған мақсат – Түлкиев өнерінің қазақ көркемөнер тарихындағы рөлін анықтау және оның ұлттық-мәдени кодтарды бейнелеудегі ерекшелігін ашу – іске асты, өйткені жұмыс барысында оның шығармашылық әдісінің новаторлық сипаты, сондай-ақ ұлттық мәдениетті насихаттау мен оны әлемдік өнер контекстіне интеграциялаудағы жетістіктері айқындалды. Сонымен қатар оның ұлттық мәдениетті насихаттау мен оны әлемдік өнер контекстіне интеграциялаудағы жетістіктері (мысалы, «Ұлы көш» шығармасындағы тарихи универсализм немесе «Суретші түсіндегі» жалпыадамзаттық психологиялық архетиптер) анықталды.

Түлкиев шығармашылығының ғылыми-мәдени маңызы тек көркемөнер зерттеушілері үшін ғана емес, сонымен бірге қазақтың тарихи-мәдени кодын зерттеушілер үшін де аса құнды. Шебердің шығармашылығы қазақ халқының тарихи-мәдени дамуындағы маңызды кезеңдер мен көркем-эстетикалық құндылықтарды ашып көрсетеді. Оның шығармалары қазіргі заманғы мәдени дискурста өзектілігін жоймай, қазақ мәдениетінің рухани байлығын халықаралық кеңістікте насихаттауға қызмет етеді. Түлкиев мұрасын ғылыми тұрғыдан теренірек зерттеу қазақ кескіндемесінің даму тенденцияларын анықтауға мүмкіндік береді, сонымен қатар оның шығармашылық ізденістері болашақ ұрпақ өнер ізгілері үшін креативтік үлгі ретінде қызмет етеді.

Авторлардың үлесі:

А. Кенджакулова – тұжырымдаманы әзірлеу және зерттеу міндеттерін қою; Б. Түлкиев шығармашылығына тарихи-мәдени және феноменологиялық талдау жүргізу; көркем шығармаларды семиотикалық талдау («Ұлы көш», «Суретші түсі»), символдық кодтардың мәнін ашу (тамга, архетиптер); өнертанушылық және теориялық материалдарды жинақтау және жүйелеу; қолжазбаның бастапқы мәтінін жазу (кіріспе, әдебиетке шолу, нәтижелер, талқылау);

Д. Шарипова – зерттеудің әдіснамалық аппаратын әзірлеу және негіздеу (семиотика, салыстырмалы талдау); Түлкиевтің шығармашылығына қазақ (Ә. Кастеев, А. Сыдыханов) және Батыс (С. Дали, Р. Магритт) суретшілерінің жұмыстарымен салыстырмалы талдау жүргізу; алынған мәліметтерді түсіндіру және теориялық тұжырымдарды тиянақтау; ғылыми редакциялау, сыни талдау және мәтінді бір стильге келтіру; картиналарды таңдау және оларды сипаттау.

Вклад авторов:

А. Кенджакулова – разработка концепции и постановка исследовательских задач; проведение историко-культурологического и феноменологического анализа творчества Б. Түлкиева; семиотический анализ художественных произведений («Великое кочевье», «Сон художника»), расшифровка символических кодов (тамга, архетипы); сбор и систематизация искусствоведческого и теоретического материала; написание исходного текста рукописи (введение, обзор литературы, результаты, обсуждение);

Д. Шарипова – разработка и обоснование методологического аппарата исследования (семиотика, сравнительный анализ); проведение сравнительного анализа творчества Түлкиева с работами казахских (А. Кастеев, А. Сыдыханов) и западных (С. Дали, Р. Магритт) художников; интерпретация полученных данных и формулировка теоретических выводов; научное редактирование, критический анализ и приведение текста к единому стилю; подготовка визуального ряда и его описание.

Contribution of authors:

A. Kenjakulova – development of the concept and formulation of research tasks; conducting historical, cultural and phenomenological analysis of B. Tulkiev's work; semiotic analysis of artistic works («The Great Nomad», «The Artist's Dream»), deciphering symbolic codes (tamga, archetypes); collection and systematization of art history and theoretical material; writing the source text of the manuscript (introduction, literature review, results, discussion);

D. Sharipova – development and substantiation of the methodological apparatus of research (semiotics, comparative analysis); conducting a comparative analysis of Tulkiev's work with the works of Kazakh (A. Kasteev, A. Sydyhanov) and Western (S. Dali, R. Magritte) of artists; interpretation of the data obtained and formulation of theoretical conclusions; scientific editing, critical analysis and reduction of the text to a single style; preparation of the visual series and its description.

Дереккөздер тізімі

Аскарова, Галия, и др. «Интерпретация образа лошади в изобразительном искусстве». *Керуен*, №79(2), 2023, с. 293–306. DOI: 10.53871/2078-8134.2023.2-23

Бейсенбаев, Садыбек. «Современная живопись Казахстана и национальная знаковая символика». *Культурология, спорт и история искусств*, №1, 2013, с. 25–27.

Бретон, Андре. *Манифест сюрреализма*. Париже, октябрь 1924.

Бурдель, Татьяна. Памяти Бексеита Тулькиева. *ЮК информ* [Туркестан], 14 апреля 2023, с. 7.

Еспенова, Айгерим, и др. «Философское значение символично-образных решений в искусстве живописи Казахстана». *Международный журнал гуманитарных и естественных наук*, № 2-2 (77), 2023, с.273–278.

Қос өнердің жұлдызы. Атақты суретші, спорт саңлағы Бексейіт Әбдезұлы Түлкиев туралы толғаулар. Алматы, Қазығұрт, 2005.

Мартынова, Лариса. «Символ “КА”» (Размышления о картине Бексеита Тюлькиева “Гость”). *Мысль* [Алматы], 28 мая 2020, с. 4.

Пашаев, Абу, и др. «Сюрреализм и искусство». *Искусство – диалог культур*, сборник материалов VI Международной научно-практической конференции. 29 сентября 2020, Чеченский государственный педагогический университет, Грозный, типография Алеф, 2020, с. 370–380

References

Askarova, Galiya, i dr. «Interpretatsiya obraza loshadi v izobrazitelnom iskusstve» [Interpretation of the image of a horse in the visual arts]. *Keruyen*, №79(2), 2023, pp. 293–306. (In Russian)

Beysenbayev, Sadybek. «Sovremennaya zhivopis Kazakhstana i natsionalnaya znakovaya simbolika» [Modern painting of Kazakhstan and national iconic symbols]. *Kulturologiya, sport i istoriya iskusstv*, №1, 2013, pp. 25–27. (In Russian)

Breton, Andre. *Manifest syurrealizma*. Parizhe, oktyabr 1924. (in French)

Burdel, Tatyana. Pamyati Bekseita Tulkieva [In memory of Bexeit Tulkiev]. *YUK inform* [Turkestan], 14 aprelya 2023. (In Russian)

Yespenova, Aygerim, i dr. «Filosofskoye znachenije simboliko-obraznykh resheniy v iskusstve zhivopisi Kazakhstana» [The philosophical significance of symbolic and figurative solutions in the art of painting in Kazakhstan]. *Mezhdunarodnyy zhurnal gumanitarnykh i yestestvennykh nauk*, № 2-2 (77), 2023, pp. 273–278. (In Russian)

Қос өнердің zhıldyzy. Ataqty suretshi, sport saqlaу Bekseyit Әbdezұly Tylkiyev turaly tolfaular [Reflections on the famous artist and athlete Bexeit Abdezovich Tyulkiev]. Almaty, Qazyғұrt, 2005. (In Kazakh)

Martynova, Larisa. «Simvol “KA”» (Razmyshleniya o kartine Bekseita Tyulkiyeva “Gost”)» [The “KA” Symbol (Reflections on Bexeit Tulkiev’s painting “The Guest”)]. *Mysl* [Almaty], 28 maya 2020, p.4. (In Russian)

Pashayev, Abu, i dr. «Syurrealizm i iskusstvo» [Surrealism and art]. *Iskusstvo – dialog kultur*, sbornik materialov VI Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii. 29 sentyabrya 2020, Chechenskiy gosudarstvennyy pedagogicheskiy universitet, Groznyy, tipografiya Alef, 2020, pp. 370–380. (In Russian)

Кенджакулова Айнур, Шарипова Диляра

Институт Литературы и искусства имени М.О.Ауэзова КН МНВО РК (Алматы, Казахстан)

ТВОРЧЕСКИЕ ПОИСКИ И КУЛЬТУРНОЕ ЗНАЧЕНИЕ БЕКСЕЙТА ТЮЛЬКІЕВА В КАЗАХСКОЙ ЖИВОПИСИ

Аннотация. Творческое наследие Бексейта Тюлькеева представляет собой синтез национальных традиций и международных художественных направлений (сюрреализм и символизм). Проводя комплексный анализ его произведений, исследование позволяет глубже раскрыть процесс взаимодействия глобализации и национального бытия в казахском искусстве XX века, а также выявить пути формирования собственного изобразительного языка художника. В статье всесторонне анализируется вклад мастера в национальную живопись, подробно рассматриваются философские мысли и социальные проблемы в его искусстве. Актуальность исследования обусловлена необходимостью более глубокого-искусствоведческого и философского изучения уникального метода-подхода художника, давшего новое направление казахской живописи XX века. *Целью* является выявление и анализ основных характеристик художественного метода и философского содержания творчества Бексейта Тюлькеева. Для реализации этой цели автор сначала определил основные темы и сюжеты в произведениях художника. Затем он провел семиотический анализ таких произведений, как «Ұлы көш», «Қонақ», «Суретші түсі», «Көкпар», «Дала тынысы». В результате исследования в произведениях художника была раскрыта взаимосвязь национально-культурной самобытности и универсальных философских проблем. В статье автор провел комплексное искусствоведческое исследование на основе методов стилистического и семиотического анализа. Эти *методы* использовались для изучения важных особенностей живописи, ее символического языка и культурно-исторического контекста произведений. С помощью метода семиотического анализа раскрывается сложная система репрезентаций в произведениях художника, а также культурно-историческое значение в нем символов, знаков и мифолого-фольклорных мотивов. В *результате* исследования установлено, что творческое наследие Б. Тюлькеева ориентировано на такие темы, как личность человека, социальный статус личности и психоэмоциональные состояния. В картинах художника выявлен и описан уникальный художественный прием, синтезировавший сюрреализм и символизм. Анализ произведений выявил их глубокое философское и историко-культурное содержание. Кроме того, было обнаружено, как национальный образ формировался в глобальном контексте и как отражался взгляд автора на жизнь и человеческую природу.

Ключевые слова: Бексейт Тюлькеев, казахская живопись, XX век, искусство, философия, символизм, сюрреализм, национальный образ, глобализация.

Для цитирования: Кенджакулова Айнур и Шарипова Диляра. Творческие поиски и культурное значение Бексейта Тюлькеева в казахской живописи. *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 10, No 3, 2025, с. 247-265, DOI: 10.47940/cajas.v10i3.1113

Благодарность: Статья подготовлена в рамках целевой программы BR27101897 «Цифровая трансформация экосистемы казахского литературоведения, фольклористики и искусствоведения: междисциплинарные исследования», реализуемой при поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан.

Автор прочитал и одобрил окончательный вариант рукописи и заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Kenjakulova Ainur, Sharipova Dilara

Mukhtar Auezov Institute of Literature and Art (Almaty, Kazakhstan)

CREATIVE EXPLORATIONS AND CULTURAL SIGNIFICANCE OF BEKSEIT TULKIYEV IN KAZAKH PAINTING

Abstract. Bekseit Tulkiev's creative legacy is a synthesis of national traditions and international artistic trends (surrealism and symbolism). By conducting a comprehensive analysis of his works, the study allows us to reveal more deeply the process of interaction between globalization and national existence in Kazakh art of the twentieth century, as well as to identify ways to form the artist's own visual language. The article comprehensively analyzes the contribution of the master to national painting, examines in detail the philosophical thoughts and social problems in his art. The relevance of the research is due to the need for a deeper art criticism and philosophical study of the unique method-the artist's approach, which gave a new direction to Kazakh painting of the twentieth century. The *aim* is to identify and analyze the main characteristics of the artistic method and the philosophical content of Bekseit Tulkiev's work. To achieve this goal, the author first identified the main themes and plots in the artist's works. Then he conducted a semiotic analysis of such works as «Uly kosh», «Konak», «Suretshi tusi», «Kokpar», «Dala tynysy». As a result of the research, the interrelation of national and cultural identity and universal philosophical problems was revealed in the artist's works.

In the article, the author conducted a comprehensive art history study based on the methods of stylistic and semiotic analysis. These *methods* were used to study the important features of painting, its symbolic language and the cultural and historical context of the works. As a *result* of the semiotic analysis, a complex system of representations in the artist's works is revealed, as well as the cultural and historical significance of symbols, signs, and mythological and folklore motifs in it. As a result of the research, it was found that B. Tyulkiev's creative legacy is focused on such topics as human personality, social status of personality and psycho-emotional states. The artist's paintings reveal and describe a unique artistic technique that synthesized surrealism and symbolism. The analysis of the works revealed their deep philosophical, historical and cultural content. In addition, it was discovered how the national image was formed in a global context and how the author's view of life and human nature was reflected.

Keywords: Bekseit Tulkiev, Kazakh painting, XX century, art, philosophy, symbolism, surrealism, national image, globalization.

Cite: Ainur Kendzhakulova and Dilyara Sharipova. Creative explorations and Cultural Significance of Bekseit Tulkiev in Kazakh Painting. *Central Asian Journal of Art Studies*, Vol. 10, No. 3, 2025, pp. 247-265, DOI: 10.47940/cajas.v10i3.1113

Acknowledgements: This article was developed within the framework of the targeted program BR27101897 "Digital Transformation of the Ecosystem of Kazakh Literary Studies, Folklore Studies, and Art Studies: Interdisciplinary Research," supported by the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan.

The author have read and approved the final version of the manuscript and declare no conflicts of interests.

Авторлар туралы мәлімет:

Кенджакулова Айнур — М.О.
Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының жетекші
ғылыми қызметкері, Phd
(Алматы, Қазақстан)

Шарипова Дилара — М.О.
Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының жетекші
ғылыми қызметкері, өнертану
кандидаты
(Алматы, Қазақстан)

Сведения об авторах:

Кенджакулова Айнур —
ведущий научный сотрудник
Института Литературы и
искусства имени
М.О. Ауэзова, Phd
(Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0001-8559-6429
E-mail: ainura8883@mail.ru

Шарипова Дилара — ведущий
научный сотрудник Института
Литературы и искусства
имени М.О. Ауэзова, кандидат
искусствоведения
(Алматы, Казахстан)

ORCID ID: 0000-0002-8432-7339
E-mail: dilyarazam@mail.ru

Information about the authors:

Kenjakulova Ainur — PhD,
Senior Researcher, Mukhtar
Auevov Institute of
Literature and Art
(Almaty, Kazakhstan)

Sharipova Dilara — Candidate of
Art History, Senior Researcher,
Mukhtar Auevov Institute of
Literature and Art
(Almaty, Kazakhstan)